

«Ғылым Ордасы» ғылыми зерттеу институттары мен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бірлескен ғылыми мамандарды даярлау бойынша Жол Картасы» бірлескен оқу бағдарламасы бойынша «6D020800-Археология және этнология» мамандығының PhD докторанты Айтбаева Айгерим Есимкановнаның философия докторы (Ph.D) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазақстан археологиясы А.Н. Бернштам зерттеулерінде» атты тақырыбындағы докторлық диссертациясына

П І К І Р

Қазақстан Республикасы егемендік алған соң рухани жанару, мәдени мұра мен тарихи жадты қалпына келтіру мәселелері мемлекеттік деңгейде көтерілді. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарлама қабылданғалы қазақ жеріндегі тарих пен мәдениеттің жер бетіндегі дәрежелі өркениеттермен қатар дамып, оларға ықпал еткені, олармен тығыз байланыста дамығаны ерекше айқындала түсті. Қазақстан аумағындағы ерте және ортағасырлық ескерткіштеріне, тарихи және археологиялық нысандарға, олардың тарихына, құндылығына деген көпшіліктің көзқарасы өзгерді. Тарихи-мәдени және рухани мұраларымызды түгендеп, есепке алып, зерттеп, дәріптеу егемендік алған соң ғана кең көлемде қолға алынып жаңа дәрежеге көтерілді. Осымен қатар сонау тоталитарлық жүйе кезінде Қазақстан мен Орта Азия халықтарының тарихи-мәдени мұрасын бағалай білген, оларды зерттеп танытқан археологтар болды. Атақты Ә.Х. Марғұлан, С.П. Толстов, М.Е. Массон сияқты алып ғұлама-ғалымдар сынды Қазақстан мен Орта Азияның археологиялық ескерткіштерінің тарихи құндылығын бағамдай білген, кенестер кезінде қазба жұмыстарымен алғаш айналысқан, көптеген тарихи және археологиялық жәдігерлерді тапқан, олардың алғашқы сипаттамаларын жасаған Александр Натанович Бернштам болды.

А.Н. Бернштамның қызметін, оның зерттеулерін, көзқарастарын, тұжырымдарын саралау Қазақстанның археология мен тарихи ғылымы үшін аса маңызды. А.Н. Бернштамның ғылыми тәсілдерін және оның археология ғылымы дамуына қосқан үлесін анықтау өзекті тарихнамалық міндет болып табылады. Айтбаева Айгерим Есимкановнаның философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясын өзекті тақырыпты камтыған ғылыми еңбек ретінде бағалауымыз тиіс. А.Н. Бернштамның зерттеулерінің маңызы аса зор болғанына қарамастан ол өз дәрежесінде тарихнамада сипатталмаған. Қазақстанда зерттеушінің еңбектері, оның жеке-жеке салалардағы қызметі жөнінде небәрі бірнеше ғылыми мақала жариялан анымен, олардың барлығын камтып, авторлар тарапынан айтылған ой-пікірлерді саралаған еңбектер жоқтың қасы екендігі бесенеден белгілі. Осыны жақсы ұғынған докторант алдына ауқымды мақсат қойып, одан туындайтын міндеттерді көрсетіп, соларды шешуге талпынғандығын зерттеудің кіріспе бөлімінен көреміз.

Жұмыстың мазмұнына келетін болсақ, диссертация кіріспе, қорытынды және әдебиеттер тізімінен бөлек бес тарауға және тараушаларға бөлініп, олардың әрқайсысында іргелі мәселелер көтерілген. Диссертацияның алғашқы бөлімінде мұрағат материалдарын заман талабына сай методологияға сүйене келе, қазіргі күнге дейінгі ғылыми-зерттеудің негізгі тенденцияларын, бағыттары мен нәтижелерін сүзгіден өткізген. Осы тарауда А.Е. Айтбаева А.Н. Бернштамның өмірі мен ғылыми қызметіне, басқарған ғылыми экспедициялар және олардың нәтижелеріне өзіндік тұжырымдамаларын берген. Осы тараудың екінші тараушасы әлі де толықтыруды қажет етеді және де осы бағытта жұмыстар істеліп жатыр.

Қалған тараулар жұмыстың негізгі мазмұны мен маңыздылығын айқындап тұр деуге болады. Өйткені оларда диссертант бұрындары жарияланған, ғылыми айналымға еңбеген және архив қорынан алынған тың материалдарды саралап өзіндік зерттеу жұмыстарын жүргізген. Жұмыстағы текстен ғалымдардың көзқарастарының ерекшеліктерін ашу, ғылыми ой-пікірлерді дамытудағы сіңірген еңбегін көрсету, алдағы болашақта зерттеушілер алдана қойылған міндеттер туралы болжам құра алғандығын да аңғаруға болады. Ізденуші тарапынан А.Н. Бернштамның және соған қатысты көптеген ғалымдардың еңбектері талданған, нәтижесінде ол терең мазмұнды, кең өрелі зерттеу жүргізе алған.

Докторант диссертация жазу барысында РҒА Материалдық Мәдениет тарихы институтында ғылыми іс-сапарда болып, осы мекеме мұрағатында сақталған А.Н. Бернштамның жеке қорымен жұмыс істеді. Соның нәтижесінде ғалымның өміріне, ғылыми қызметіне қатысты тың деректер ғылыми айналымға енгізілді.

А.Е. Айтбаева зерттеу жұмысының ғылыми мәселелері мен нәтижелері бойынша ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы Жоғарғы аттестаттау комитеті бекіткен ғылыми журналдар мен шетелдік және отандық ғылыми конференциялардың жинақтарында жалпы саны 12 ғылыми мақала жариялады. Оның ішінде ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы Жоғарғы аттестаттау комитеті бекіткен ғылыми журналдарға үш мақаласы, сондай-ақ, шетелдік журналдар мен конференция жинақтарында екі мақаласы жарияланса, оның бірі «SCOPUS» халықаралық деректемелер базасына енген журналда жарияланды.

Диссертацияның мазмұнында жүйелік пен үйлесімділік бар, алынған нәтижелер нақты археологиялық деректерге негізделген. Зерттеу нәтижесінде алынған тұжырымдар мен нәтижелердің ішкі бірлігі сақталған. Зерттеудің мақсаты қойылған міндеттер арқылы толық шешілген деп есептеймін. Жұмысты жазу барысында жетекшінің тарапынан бірер ескертпелер мен ұсыныстар жасалып, өз уақытында толықтырылған болатын.

Жұмысты аяқталған, келтірілген ғылыми деректер шынайы, өз тарапынан пікір, қорытынды ұсыныс, тұжырым, талдау берген деп қабылдап, Айтбаева Айгерім Есимжановнаның 6D020800 – Археология и этнология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақстан археологиясы А.Н. Бернштам зерттеулерінде» тақырыбындағы диссертациясы ғылыми-зерттеу талаптарына сай келеді. Сондықтан да

Айтбаева Айгерим Есимкановнаның ғылыми жұмысын философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға жіберуге лайықты деп санаймын.

Ғылыми жетекші:
тарих ғылымдарының кандидаты



Ғ.Қ. Омаров

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
Ал-Фараби атындағы Қазақ Ғылым Академиясының
директору және аттестаттар Бюросының басшысы
ЗАБЕРЯЮ
Начальник управления аттестации и удостоверения
научных кадров Координационного центра
Ал-Фараби
РЕ. Мұрабаева
_____ 20 ____ ж.ж.

